

хозларда дөңді дақылдардың уақытылы жыйнамай, сабақта тұрып ысыран болуына әкеліп соғуда.

Булаев ауданындағы «Гигант» колхозында МТС-тің 12 комбайны жұмыс істейді. Комбайн агрегаттарын іс тәжірибесі мол, маман комбайншылар басқарып жүр. Егер МТС, колхоз басшылары комбайн агрегаттарының өнімді жұмыс істеуіне жағдай жасаған болса, бұлармен күн сайын кемінде 240-250 гектар егін жыйнауға болады. Бірақ, істің жайы бұлай болмай отыр. Колхоз басқармасы, оның председатели Власюк жолдас бастырылған астықты кептіруді қиыныстың, дәннің сабағында тұрып кетуін күшіп, комбайндарды жұмыстан тоқтатып қойған. Власюк жолдасын мұндай зиянды әрекетіне тыйым салып, комбайндарды егін жыйнауға күні-түні бірдей пайдалану жөнінде не МТС басшылары, не аудан басшылары тиісті шаралар қолданбаған. Осының салдарынан бұл колхозда бірсыпыра жаздық бидай, сұлы сабағында тұрып ысырап болуға.

Совет ауданындағы «Көктерек» колхозында да комбайндардың қуатын өнімді пайдалану ісі бетімен жіберілген. Бұл колхоздың егін жыйнауды бастағанына бір айдан астам уақыт өтті. Содан бері колхоздағы 6 комбайнмен небары 552 гектар гана егін жыйналды. Колхозда әлі 1179 гектар дөңді дақылдар сабағында тұр. Ерте піскен 270 гектар сұлының, 600 гектардан астам жаздық бидайдың дөңі едәуір күйініп қалған. Алайда, бұл жағдай колхоз председатели Құсайынов, Совет МТС-нің директоры Ымары жолдасарды абыржытатын емес. Олар комбайн агрегаттарының қуатын егін жыйнауға өнімді пайдалану, бұл жұмысты екі сменада күні-түні бірдей жүргізу ісімен шұғылданбай жүр. Колхозда жекелеген комбайн агрегаттарының жұмыс істеуден техникалық жарамсыздықтан босқа тұруы көп. Мәселен, Қ. Дүйсенбаев жолдас басқаратын «Сталинец-1» комбайн агрегаты бір айдың ішінде небары 58 гектар гана, А. Гас жолдас басқаратын «Сталинец-6»

бескүндігінде астық тасыру жөніндегі тасырманы колхоздар небары 27,1 процент гана орындады. Астық тасырудың жоспарын орындау жөнінде, әсіресе, С. Колов, Мамлют, Ленин аудандарының колхоздары мүлдем артта қалып отыр.

Жоғарыда кезік егін жыйнаудың шешуші кезеңі туды дедік. Мұның өзі егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарын тездетуге аудан, МТС, колхоз басшыларының жауапкершілікті арттыра түсуін талап етеді. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдарының және ауылшаруашылық органдарының аса маңызды міндеті — егін жыйнауға барлық комбайн агрегаттарын күні-түні бірдей өнімді пайдалануды ұйымдастыру, бастырылған астықты тазарту, кептіру ісіне техника қуатын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету және тазартылып, кептірілген астықты қолма-қол дайындау пункттеріне жеткізуге барлық машиналарды, көліктерді дұрыс пайдалану болып табылады.

Егін жыйнау, астық дайындау ісінің ойдағыдай өткізілуінің тағдырын егіншілер шешеді. Осыған байланысты партия ұйымдары егіншілердің социалистік жарысын күнбе-күн басқарып, оларды егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын тез күн ішінде аяқтауға, бітік өсірілген егіннің бір дөңіне жерде қалдырмай жыйнап алуға жұмылдырулары қажет.

Колхоз коммунистері мен комсомолдері еңбекте авангардтық роль атқарумен бірге, егінді сапалы жыйнау, бастырылған дөңді ысыраққа ұшыратпау жұмыстарын ұйымдастырушы бола білулері керек. Олар колхозшыларға, механизаторларға астықтың ысыраққа ұшырауы тек колхоз бен мемлекет мүддесіне зиян келтіріп гана қоймай, сонымен бірге, колхозшылардың еңбек күндерінің құнын кемітетіндігін үнемі түсіндіріп отырулары қажет. Сөйтіп, әрбір колхозда бүкіл ауылшаруашылық жұмыстарының қорытындысы болып табылатын егін жыйнау мен астық дайындау науқанын ойдағыдай өткізуге, социалистік Отанымызға астықты мейлінше көп беруге жетісетін болуымыз керек.

ның комбайншысы, «Сталинец-6» комбайнымен 10 жұмыс күні ішінде 420 гектар егін жыйнады.

АСТЫҚ ТАПСЫРУДЫ ТЕЗ АЯҚТАУ ҮШІН

Октябрь ауданының «Интернационал» колхозының мүшелері мен осы колхозта егін орып жүрген МТС механизаторлары егін жыйнау науқанын аса ұйымшылдықпен бастады. Егін орағының алғашқы күнінен бастап, тәжірибелі комбайншы Жақсыбаев жолдас «Сталинец-6» комбайнымен күн сайын 20 гектар жердің егінін жыйнап, 200-250 центнерден астық бастырып келеді. Сондай-ақ, комбайншы Тыйыштықбаев жолдас та күндік нормасын үнемі асыра орындауда. Бұлар егінді таза жыйнау үшін ерекше көңіл бөледі. Демек, егін алаңында орылмаған егіннің қалуына жол бермейді.


Колхозшылар қырманға түскен астықты дереу тазартып, кептіріп, оны қабылдау пункттеріне жөнелтіп отырады. Мұнда қырмандағы жұмыс түгел механикаландырылған. Бұл астық тазалау жұмысын жеңілдетумен бірге, еңбек өнімділігін онан сайын арттыра түсуге мүмкіндік жасады. Көзір колхоз мемлекетке 1500 центнер астық тапсырды.

Колхоздың егін орағында жүрген трактор бригадалары онкүндік тапсырмаларын үнемі асыра орындап жүр. Екі бригада өткен он күн ішінде 850 гектар жердің егінін жыйнады.

Колхоз басқармалары мен егін орағындағы механизаторлар машиналармен қолда бар күшті өнімді пайдалана отырып, мемлекетке астық тапсыруды 15 сентябрьде аяқтауды белгіледі.

К. ТІЛЕУБЕРДИН.

*



Образцовой МТС-нің комбайншысы И. Казанцев Ленин ауданындағы «30 жылдық Қазақстан» колхозының егіс даласында жыйнады.

СУРЕТТЕ: И. Казанцевтың комбайнмен егін жыйнап жүрген кезі.

адаммен және көлікпен қамту ісін көріне-көзге нашарлатады. Жұмыстың кеш басталып, ерте аяқталуына жол береді. Соның өзінде егіннің сабақта тұрып ысырап бола бастағаны колхоз басшылары абыржытатын да көрінбейді. Мәселен, сабақта тұрған жаздық бидайдың әрбір гектарынан 1 центнер, сұлының гектарынан 2-3 центнерден дән түсіп қалған.

Колхоз қырманда 6 мың центнерден астам астық кептірілместен және тазартылмастан жатыр. Осыған қарамастан астық тазартатын машиналар жұмысқа

Мемлекетке 2600 центнер астық өткізілді

«Игілік» колхозында (Совет ауданы) егін орағында жүрген комбайншы Хасан Араханов жолдас «Сталинец-6» комбайнымен 20 жұмыс күні ішінде 500 гектар жердің егінін жыйнауға міндеттенген болатын. Ол бұл міндеттемені ойдағыдай орындап келеді. Олар комбайншы комбайн қуатын дұрыс пайдалана білу арқылы 15 жұмыс күні ішінде 425 гектар жердің егінін жыйнады. Көзір ол күніне 28-30 гектардан егін жыйнап жүр. Жұмыстың өнімді жүргізілуіне комбайн тіркелген «ДТ-54» тракторының тракторшысы Сыздықов жолдас та үлестес.

Колхозда комбайннан түскен астықты тазарту жұмыстары да үлгілі ұйымдастырылған. Өр звеноға бөлінген тазартушылар жұмыстың өнімді болуы үшін өзара жарысқа түскен. Құрманбаева жолдасын басқаруындағы астық тазарту звеносы өз жұмыстарын асқан белсенділікпен жауапты жүргізіп келеді. Осы звенодағы астық тазартушы Садуақасова, Раишпих жолдас.

тар двигатель күшімен жүретін велжакмен нормалы 120 центнер орнына, 300-350 центнерден астық тазартады.

Бұл сыяқты қажырлы еңбектер мемлекетке астық тапсыру жұмысын тездетуге толық мүмкіндік туғызды. Осы күндері колхоз мемлекетке күн сайын 200-250 центнерден астық өткізуде. Колхозда астық тапсыру жұмысына барлық шоферлар белсене қатынасады. Әсіресе, комбайннан астық қабылдауда жүрген шофер Жамалиев жолдас ерекше көзге түсуде. Ол комбайннан астық қабылдау аяқталғаннан кейін дем алмастан қабылдау пункттеріне астық тасыйды. Жамалиев жолдас астық қабылдау пункттеріне жауынды күндердің өзінде үш рет ал, ашық күндері 8 рет қатынап жүр. Еңбектің осылайша ұйымшылдықпен жүргізілуі арқылы колхоз мемлекетке 2600 центнер астық өткізді.

С. ТЕМІРБАЕВ.

*

Ереванның Г. Сундукян атындағы мемлекеттік театрының артисі және режиссері В. Б. Багарашянға ССРО халық артисі деген құрметті атақ беру туралы ССРО жоғарғы советі Президиумының указы

Совет театр искусство саласындағы сіңірген зор еңбектері үшін Ереванның Г. Сундукян атындағы мемлекеттік театрының артисі және режиссері Вагарш Богданович Багарашянға ССРО халық

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели
К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль, 11 сентябрь, 1954 жыл.

8 айдың жоспары мерзімінен бұрын орындалды

ӨСКЕМЕН. (КазТАГ). Путинцев руда басқармасының кеншілері сегіз айдың программасын бүкіл өндірістік цикл бойынша мерзімінен бұрын аяқтағаны туралы рапорт берді. Өткен жылғы осындай мерзімдегі руда 26 процент көп шығарылды. Еңбек өнімділігін арттырудың материалдармен электр қуатын ұқыпты-

лықпен жұмсаудың есебінен миллион сомға жуық пайда келтірілді.

Путинцевтің кеншілер кен шығарылатын жерлерді шалшандатылған әдіспен проходкалауды игеруде. Тіреуіш бөлшектерді механикаландырылған әдіспен жасау көп пайда келтіреді.

созылады, дейді Эрнст жолдас.

Иван Эрнстің бұл сөзі өте орынды. Бірақ, МТС, колхоз басшылары комбайн агрегаттарының қуатын тоқтаусыз және күні-түні бірдей пайдалануды ұйымдастыруға әлі де болса жете назар аудармай отыр. Сөйтіп, олар комбайншылардың еңбек өнімділігін арттыра түсуіне қолайлы жағдай туғызуды елемейді. Мұның өзі, аталған колхозда егін жыйнау жұмысының баяу жүргізілуіне негізгі себеп болуда.

А. БОГНЕР.

Колхозшыларға көмек

Еліміздің басқа мектептері сыяқты Преснов ауданындағы Баян орта мектебінің жоғары класс оқушылары мен оқытушылары да 1 октябрьге дейін колхоздың егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарына көмектесуді ұйғарды. «Баян» колхозында жұмыс істейтін оқушылар 10 звеноға бөлініп, оларды басқаруға оқытушылар тағайындалды.

Өз оқытушыларының басқаруымен жұмыс істеп жүрген оқушылар алғашқы күннен бастап-ақ табысты еңбек етуге жетісті. Мысалы, қырман басында астық тазартудағы оқушылар бірінші күннің өзінде 400 центнерден астам астық тазартып, 100 центнер астықты қабылдау пунктіне жөнелтті. Бұлардың ішінде, әсіресе, К. Әбілдина, Ж. Мұстафина сыяқты оқушылар өздерінің үлгілі еңбегімен көзге түсті. Көптеген оқушылар келесі жыттың егісі үшін жер жыртуда жұмыс істейді. Қ. Ақанбаев, Ж. Зікірлин сыяқты оқушылар трактор бригадасында тіркеуші болып жұмыс істеп, күнделікті тапсырмаларын толығымен орындайды.

Оқушылардың 34 адамдық екінші біртобы көршілес «Сталин жолы» колхозында егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарына көмектесіп жүр. Оларды оқытушы С. Барқытов жолдас басқарады. Бұлардың ішінде X класс оқушылары Сагитова, Сүйіндіков, IX класс оқушылары Бірімжанов, Шаяханова, VIII-класс оқушылары Тәшкенова, Әлібековалар жақсы еңбек етіп, бір күннің ішінде екі еңбек күн тауып жүр. Оқушылар бір жұмыс күнінде 300 центнер астық тазартып, 200 центнерден астам астықты қабылдау пунктіне жөнелтті.

Колхоз басқармалары оқушылардың табысты еңбек етуіне, жұмыстан кейін көңілді түрде тынығуларына толық жағдай жасаған. Дала қостары мен қырманда шахмат, дойбы, газет, журналдар бар. Волейбол алаңы да жабықталған. Оқушылар жұмыстан кейін волейбол, шахмат, дойбы ойнайды. Сондай-ақ, газет, журналда оқыйды. Колхозшыларға газеттерден мақалалар оқып береді. Бұл сыяқты қажырлыққа жауап ретінде оқушылар өздерінің өнімді еңбектерімен колхозшыларға көп көмек көрсетпек.

Ө. ЫБРАЕВ.

менің кәсіптерімді қысқартып, менің кәсіптерімді қысқартып, менің кәсіптерімді қысқартып...

ЖАУАП: Екі елдің арасында бірқалыпты қатынастарды қалпына келтіруге қандай кедергілер бөгет болып отырғаны жөнінде сіздің пікіріңізді білгім келеді.

Совет Одағына келетін болсақ, ол Жапониямен қатынастарды бірқалыпқа келтіруге әзір екендігін білдіреді, соның өзінде Жапония тарапынан да осындай әзірлік білдіріледі деп ойлайды.

3. «Жапония мен ССРО арасында сауданы өркендету туралы»

Мен көршілес елдер арасында сауда байланыстарының болуы, сонымен қатар мұндай сауданың көлемін мүмкіндігінше көбірек ұлғайта түсу табиғи құбылыс.

Орындалған арман

(Соңы. Басы 3-бетте).

Сәлемет ба Вера? Жылдық жұмысымның қорытындысын естім деп ем, —деді.

—Орта жылдық өңбек өнімін арттыруың 200 процент. Ал, әр айлық тапсырманы орындауың мынау —деп шұбатырла түскен бірнеше ірі цифрларды көрсете бастады.

—Отыр Алексей, отыр. Сапардан оралған бетің бе?

—И, сапардан оралған бетім. Сіз шақырып жатыр деген соң келдім.

—И, шақыртып ем. Сен жаңа жылға дейін жұмысқа шыдайсың.

—Неге? —деп Алексей үрейлене қарады.

—Үйреленетін ешнәрсе болған жоқ. Сені қорқытатын деп отырғаным жоқ.

—Бүгін Омбы темір жол бастығынан мынадай бұйрық алдық. Оқылшық, —деп Алексейге бір тарақ қағазды ұстапта берді.

«Омбы темір жолы бойынша үздікпен келе жатқан машинист, БКЖО күшесі Трубинский жолдастың Москваға, зомсомолдың Орталық Комитеті ұйымдас-

ЖАУАП: Совет Одағы басқа елдермен және оның ішінде Жапониямен мәдениет байланыстарын шын ықласыммен қолдап келеді және бұл байланыстарды өркендетуге барынша ұмтылып отыр.

Мұның өзі Жапония мен ССРО арасында достық қатынастарды нығайтуға қолайлы әсерін тигізетінде күмән болмауға тиіс, ал мұндай қатынастарға біздің халықтарымыз да, сондай-ақ халықаралық ынтымақты дамытуға және жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайтуға ұмтылған басқа халықтар да мүдделі болып отыр.

Құрметпен В. МОЛТОВ. 11-сентябрь, 1954 жыл. Москва қаласы.

Европалық қорғаныс бірлестігін құру жоспарларының тағдыры Италияда да бұдан жақсы болып шыққан жоқ.

Италияда да бұдан жақсы болып шыққан жоқ. Мұнда агрессияшыл американдық саясаттың бұл перзентіне халықтың басым бұқарасының теріс көзқараста екендігі соншалықты айқын болды.

ФАШИЗМ МЕН СОҒЫСҚА ҚАРСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮРЕС КҮНІ

БЕРЛИН, 12 сентябрь. (СОТА). ГДР еңбекшілері бүгін фашизм мен соғысқа қарсы халықаралық күрес күнін атап өтуде.

Баспасөз былай деп хабарлайды: кеше фашизм мен соғысқа қарсы халықаралық күрес күні қарсаңында Германия Демократиялық Республикасының көптеген қалаларының еңбекшілері өздерінің манифестациясын жариялаған.

Бұрын әйелдер үшін гитлерлік концентрациялық лагерь болған Рахенсбрюкте болған фашистік террордың құрбандығы болғандарды еске түсіру манифестациясына Германияның барлық жерінен 10 мыңнан аса әйелдер, сол сияқты Совет Одағының, Францияның, Италияның, Польшаның және басқа да елдердің антифашистік күрескерлері қатынасқан.

Бұрын әйелдер үшін гитлерлік концентрациялық лагерь болған Рахенсбрюкте болған фашистік террордың құрбандығы болғандарды еске түсіру манифестациясына Германияның барлық жерінен 10 мыңнан аса әйелдер, сол сияқты Совет Одағының, Францияның, Италияның, Польшаның және басқа да елдердің антифашистік күрескерлері қатынасқан.

Н. ЕСИМОВ.

Азияның ең басты елдеріне (Индияға, Индонезияға, Бирмаға) келетін болсақ, бұл АҚШ-тың агрессияшыл топтарының тарапынан қысым жасалғандығына қарамастан СЕАТО-ға қатынасудан бастартты.

Оңтүстік-Шығыс Азияның екі ірі елдерінің СЕАТО-ға қатынасудан бастартуы ең алдымен өзін-өзі сақтау сезімінен туыды.

Чанкайшилік тобырдың арандатушылық әрекеттері

ПЕКИН, 12 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабары бойынша кеше 8 сағат 56 минутта «Ф—47» типтегі чанкайшилік 8 самолет Амоюг үстінен ұшып өтіп бомбалар тастаған.

Бұдан кейін 25 минут өткен соң гомиандық 12 самолет Амоюг портына жа-

Азия елдерінің жұртшылық топтарының СЕАТО құрылуы жөніндегі пікірі Манила конференциясына қатынасушылардың келісіміне азия халықтарының лайықты тойтары беріп отырғандығын айқын көрсетеді.

Ю. БОЧКАРЕВ.

не қаланың басқа да аудандарына бомба тастаған. Дұшпан самолетінің біреуі зенит артиллериясының оғынан зиянға ұшыраған.

Таңертеңгі сағат 9 дан 50 минут өткенде чанкайшилік 2 самолет Амоюг қайтадан шабуыл жасамақшы болып әрекеттенген.

Бірақ олар зенит артиллериясымен атқыланып қуып жіберілген.

ЧИЛИДЕ ЕРЕУЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАРСЫ ТӨТЕНШЕ ШАРА ҚОЛДАНА

НЬЮ-ПОРК, 12 сентябрь. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшілерінің Сант-Ягодан берген хабарына қарағанда Чилидің ішкі істер министрі генерал Паррамые рудалары, көмір өнеркәсібі мен транспорт жұмысшыларының ереуілді тоқтату жөніндегі келісім сөз табыспен аяқталды және армия ереуіл орталығы болып отырған 5 провинцияны өзінің ба-

қылауына алды деп жариялаған. Парраның сөзіне қарағанда, О. Хиггинс Сан-Яго, Вальпараисо, Антофагаста және Консепсьон провинциялары «төтенше» зоналар деп жарияланған.

Тілшілердің хабарлауы бойынша: «бұл өте қатаң тәртіп орнату жағдайы болып табылады».



«УДАРНИК» кинотеатрында «ВІЗ СІЗБЕН БІР ЖЕРДЕ КЕЗДЕСКЕН ЕДІК» Сеанстар сағат 3, 5, 7, 9-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында «СОҒЫ ТАБЫР» Сеанстар 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

АЗАМАТТАР МЕН КОЛХОЗ БАСҚАРМАЛАРЫ! Мемлекеттік хауыпсыздандыру орындарымен есеп айырындар. Түпкілікті жұмысқа жұмысшылар КЕРЕК. Жұмысқа қабылдау тәртібін Петропавл қаласы, Совет көшесі, 100-үйге келіп білуге болады.

Пешпілер, ағаш шеберлері, қаңылтыршылар, кошегарлар, көмекші кошегарлар, токарлар, слесарьлар, жүк тиеушілер, электриктер, қосымша жұмысшылар КЕРЕК. Жұмысқа қабылдау тәртібін Ленин көшесі, 70-үйге келіп, кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.